


«Дарынды жасөспірімдерге арналған Ақтөбе облыстық мамандандырылған
«Білім-инновация» лицей-интернаты» КММ
Әлеуметтік педагогтің 2025-2026 оқу жылының I-тоқсан бойынша
жасалған жұмыстарға қорытынды есебі

Оқу жылының басында ҚР Оқу-ағарту министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі
№130 бұйрығына сәйкес әлеуметтік педагогтің жылдық жоспары құрылды.



Сыныптың әлеуметтік паспортын жасақтау ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 17 наурыздағы № 68 бұйрығына сәйкес жасалынды.



Оқу жылының басында 7-сынып оқушылармен танысып, ұжымшылдықты арттыру мақсатында «Hello, жаңа әлем» тақырыбында тренингтар өткізілді. Жаңадан келген оқушылардың бір-бірімен жақын танысып, жаңа ортаға

бейімделуі, достық, жылы қарым-қатынас құра отырып, сынып арасындағы ұжымшылдықты арттырып, психологиялық жылы ахуал орнатуға бағытталды.

Балалық шақтың құқығын қорғау жұмысы бойынша 2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158 бұйрығына сәйкес лицейіміздегі барлық 251 оқушы ыстық тамақпен қамтылып отыр. Білім алушыларды сапалы тамақтандырумен қамту бойынша мониторингтік бракераждық комиссия құрылып, тексеріс жүргізілді. Мектептің әлеуметтік желілерінде және мектеп сайтында тексеріс акт пен хаттамасы жарияланды. Мектеп қабырғаларында сенім телефондары, сенім жәшігі ілінді.

Лицейімізде *әртүрлі есепте тұрған* оқушылар болмағанымен, алдын алу мақсатында 7-11 сынып оқушылары арасында қыркүйек айында Ақтөбе қаласы ПБ Астана ауданы 1 ҚПБ ЖПҚБ КТІЖ УПИ полиция лейтенанты Руслан Аслан Медетханұлымен кездесу өтті. Және қазан айында «Заң және тәртіп» акциясы аясында Әділет департаменті бөлім басшысы Убишев Тимур Жұбаншұлымен кездесу өтті.

Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғанышылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы бойынша қазан айында «Күзгі асар» жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Нәтижесінде жиналған қаражат бойынша оқушылармен Ақтөбе қаласындағы карттар үйіне оқушыларымызбен күзгі бақтағы жеміс-жидектен себет апарып табыстадық.

Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмыс бойынша ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 26 мамырдағы №123 бұйрығына сәйкес әзірленген Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтарының қызметін ұйымдастыру бойынша 7-11 сынып ата-аналарына сабақтар өткізілді. 7-9 сынып ата-аналары «Зорлық-зомбылыққа жол жоқ: шекаранды таны, қорғануды үйрен!» тақырыбы бойынша, 9-11 сынып ата-аналары «Шекара мен қолдау: жасөспірімге өмірлік сынақтарды еңсеруге қалай көмектесуге болады» тақырыптарында кеңестер беріліп, мәселелі сұрақтарға жауап алынды.

Диагностикалау-талдау қызметі бойынша мектептегі білім алушылардың арасында әлеуметтік мәселелерді зерделеу бойынша диагностикалық-талдау қызметі жүргізілді. Оның ішінде, буллингтің алдын алу бойынша оқушылардан сауалнама алынды.